



Баягыда біреу айтыпты гой. «Сайлау алдында, соғыс уақытында және аншылықтан сон отірікті окіртіп айта беруге болады» деп. Былай карасан, шындық.

Жакында біз әлеуметтік желіде сауалнама жүргіздік. Ойткені, козі ашык жандардын копшілігі осында шогырланган. Сондыктан «оз сайлау округінізден сайланган жергілікті депутатты танысыз ба? Сонгы рет кашан жүздестініз?» деп баршага сауал тастадык. Алдымен әлеуметтік желідегі әлеуметтін пікірін каз-калпында назарларыңызга ұсынамыз.

– Жок. Ондай кісілер бар ма не? - дейді Арайлым Жүсіпова.

– *Танимын, сайлауда гана көрдім, -* депті Максат Әлиев.

– *Депутаттар өздері сайланады, өздері қояды. Ешқайсысын танымайды екенмін, -* деген Болатбек Жумағұлов.

– *Танымаймын. Кезде-сіп көрген емеспін, -* дейді Жәнісбек Рысмамбетов.

– *«Тағайындалғандарды» танымайды екенмін, -* депті Ақан Серік.

Қазақстан Республикасы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы заңнамада «Жергілікті өкілді орган (мәслихат) - облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың немесе ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) халқы сайлайтын, халықтың еркін білдіретін және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оны іске асыру үшін қажетті шараларды айқын-дайтын және олардың жүзеге асырылуын бақылайтын сайланбалы орган» дейді де, одан әрі «тиісті аумақты дамыту жоспарларын, экономикалық және әлеуметтік бағдарламаларын, жергілікті бюджетті және олардың атқарылуы туралы есептерді бекіту, соның ішінде қаладағы аудан әкімдері (қаладағы әрбір аудан бойынша жеке-жеке) іске асыратын бюджеттік бағдарламаларды бекіту; өздерінің қарауына жатқызылған әкімшілік-аумақтық құрылыс мәселелерін шешу; сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті орган бекітетін үлгілік қағидалар негізінде әзірленген жасыл екіпелерді күтіп-ұстау және қорғау қағидаларын, қалалар мен елді мекендердің аумақтарын абаттандыру қағидаларын бекіту» деп тайға таңба басқандай боп жазулы түр. Ол аз десеніз, депутаттар өз округіндегі сайлаушылармен кездесу откізуге, атқарып жатқан жұмыстары жөнінде жылына кемінде бір рет хабарлап отыруға, сайлаушылардан келіп түскен отініштерді қарауы тиіс делінген. Міне, жергілікті мәслихат депутаттарына жүктелген міндеттер қысқаша – осы.

Қоптен бері осыны жазып отырған пақы-рыңызды «жергілікті мәслихат депутаттарын өз сайлаушылары неге танымайды?» деген сауал толғандырып жүрді. Расымен, заңнамада қорсетілгендей, олар елмен етене араласса, есебін берсе, атқарған жұмысына тоқталса, алдағы жоспарларымен боліссе, жұртшылық атыстыңдегі азаматын танымай не қорініпті? Елдің бәрі енбек еткен адамды ескерусіз қалдырмайтыны анық. Былтыр «Саяхат» молтек ауданының тұрғындары редакциямызға хабарласып, шағымын айтты. Бұқараның базынасын тындап, газетке бастық. Тұрғындардың ішіндегі

бір кейуананын «Балам, анау жатқан тобені кордін бе? Өлгі сайланган депутаттар сол жерге кеп тоқтайды. Бері карай келмейді. Сол жерден кері кайтады. Мына жолмен жүрмейді» деп ашынганы әлі күнге қоз алды-мда.

Депутаттық мандат не үшін керек? Бұл сауалға жауапты марқұм Шерхан Мұртаза ҚР Парламенті Мәжілісінің 2-ші шақырылым (1999-2004) депутаты боп тұрған шағында кезекті сұхбатында былай деп жауап берген еді: «Депутаттық келетін адамдардың қобі – лауазымды адамдар. Әріптестерімнің арасында «неприкосновенность депутаты» деген түсінік бар. Мейлі, сен біреудің түмсығын бұз, біреуді ұрып жық, ішіп жүр. Дәл бұл үшін сен сотқа бармайсың. Абайсызда ауыр қыл-мыс істемесен, жүре бересің-». Алдында жүрген әріптестерінің аяқ алысын, жүріс-тұрысын танытын Шер-аға-н бекер бұлай демегені белгілі.

Ісі мандымай, мандай тіреп келген елдің بازیнасын тындап, мәселенің шешілуіне мұрындық болған депутаттар да баршылық. Жок емес. Десе де, Қадір Мырза Өлінің «атақты үкімет береді, абыройды халық береді» деуінде біраз «мәселенің» жатқаны мәлім.

Қозы Қарпеш ЖАСАРАЛУЛЫ